

"Назарбаев Университеті", "Назарбаев Зияткерлік мектептері" және "Назарбаев Қоры" Жоғары қамқоршылық кеңесінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2023 жылғы 27 қыркүйектегі № 153-ө өкіміне өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2024 жылғы 21 ақпандағы № 21-ө Өкімі

"Назарбаев Университеті", "Назарбаев Зияткерлік мектептері" және "Назарбаев Қоры" Жоғары қамқоршылық кеңесінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2023 жылғы 27 қыркүйектегі № 153-ө өкіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

4-тармақтағы "Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қаржы министрі" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Ұлттық экономика министрі";

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Жоғары қамқоршылық кеңес хатшылығының басшысы Ғабиден Хасенұлы Жақсылықовтың өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылсын және 2024 жылғы 20 ақпаннан бастап Жоғары қамқоршылық кеңес хатшылығының басшысы болып Эльдар Сейдахметұлы Толғанбаев тағайындалсын."

Премьер-Министр

О. Бектенов